ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 31 шілде №2301-24-00-2/1620 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№6 Балалар жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "Али-Жан" Марс Сейлханович Ислямов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі М.Кусебалин
Жауапкер өкілі Б.Еслямов
Прокурор С.Көптлеуов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 15 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №25 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «5 дана диэлектрлі, резеңкелі кілем» жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 61 665 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, «5 дана диэлектрлі, резеңкелі кілем» жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары тиісті түрде орындалмағанын, жеткізілген тауар техникалық сипаттамаға сәйкес

келмейтіндігін көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюды ішінара мойындап, су апатына орай төтенше жағдай жарилануына байланысты тауарды тиісті түрде жеткізе алмағандығын көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 15 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №25 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «5 дана диэлектрлі, резеңкелі кілем» жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі – Шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, жеткізілуге тиісті тауар «5 дана диэлектрлі, резеңкелі кілем» көлемі 1 метр*1,5 метр, қалындығы 22 мм болуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 07.08.2024

Заңды өзіне енген күні: 09.09.2024 Сұлья Даурешова О. Ш., 09.09.2024

Ал, жауапкермен жеткізілген тауардың көлемі 88см*1,47метр, қалыңдығы 22 мм екендігі анықталған, яғни жеткізілген тауар техникалық ерекшелікке сәйкес емес.

Ол туралы, талап қоюшымен 2024 жылғы 22 сәуірде жарнама актісі жасақталған. Тауар жауапкермен ауыстырылмаған.

Бұл жағдайды жауапкер өкілі сот отырысында жоққа шығармады.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, «5 дана диэлектрлі, резеңкелі кілем» шартта белгіленген мерзімде жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "№6 Балалар жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер ЖК "Али-Жан" Марс Сейлханович Ислямовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Али-Жан" Марс Сейлханович Ислямов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Али-Жан" Марс Сейлханович Ислямовтан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған Даурешова О. Ш., 07.08.2024

Заңды күшіне енген күні 09.09.2024 сулья Даурешова О. Ш. 09.09.2024

Кужатка кол койылған: Даурешова О. Ш., 07.08.2024

Занды [illegible] енген күні: 09.09.2024, сұлья Даурешова О. Ш., 09.09.2024

7301-24-3-1/1689